


ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА
БІЛІМ БЕРУ МИНИСТІРЛІГІ
РЕСПУБЛИКА БІЛІМ ОРТАЛЫҒЫ
ФИЛОЛОГИЯ ПӘНДЕРІ БЛОК МОДУЛЫ БОЙЫНША
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМНІҢ
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ

V СЫНЫП



ТАШКЕНТ -2018

ТҮСІНІК ХАТЫ

Тіл білімінің алдына қойған әлеуметтік жағдай оқушы тұлғаны пікірлеуге, бөгделер пікірін аңғаруға және сол пікір нәтижесін ауызша және жазбаша тұрғыда сауатты баяндауға яғни коммуникативтік сауаттылықты дамытуға үйренуден тұрады.

Жалпы орта білім мекемелерінде қазақ тілін оқытудың негізгі **мақсаты** – оқушылардың өзіндік пікірлерін ауызша және жазбаша түрде дұрыс әрі анық баяндайтын, кітапқұмарлық мәдениеті қалыптасқан, өзбетінше және шығармашылықпен пікірлейтін, басқалардың пікірлерін аңғаратын – қарым-қатынас және сөйлеу мәдениеті дамыған тұлғаны дайындау.

Қазақ тілін оқытудың **міндеті** – оқушыны пікірлеуге, өзгелер пікірін аңғаруға, өз пікірін ауызша және жазбаша түрде сауатты баяндай алуға бағытталған сөйлеу компетенциясын дамыту; оқушыларда грамматикаға тиісті меңгерілетін білімдерді (фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология, синтаксис, жазу және емле, тыныс белгілер, тіл мәдениеті, стилистикаға тиісті түсініктерді) дамыту; қазақ тілінің мүмкіндіктерінен өнімді пайдалана отырып дұрыс және анық баяндай алуды дамытуға бағытталған лингвистикалық компетенцияларды қалыптастыру;

Қазақ тілі сабақтарында оқушыларды өз бетінше және шығармашылық пікірлеуге бағыттау қажет. Соның үшін осы бағдарлама негізінде жаратылушы оқулықтарда шығармашылық ойлау тәрізін қалыптастыру, сабақты оқушылардың тілдік біліктілігін жүзеге келтіруге қарату мақсат етіп алынған.

Қазақ тілі пәнінің құрамды бөліктері мен түзілу негіздері. Жалпы орта білім мектептерінің 5-11-сыныптарында өтілетін қазақ тілі пәні оқушыларды: қазақ тілінің фонетикасы, лексикасы мен грамматикасы, стилистикасы, тіл мәдениеті бойынша тілдің ауызша және жазбаша түрлерден кең және дұрыс пайдалану үшін қажет болған ғылыми-практикалық мәліметті беруді; қазақ тілінде дұрыс сөйлеу, емле мен пунктуациясының негізгі ережелерін меңгеріп алуды; түрлі сөздіктерден дұрыс пайдалана алуды; өз пікірін тіл жағдайына сай тәрізде, түрлі пішіндерде баяндай алу дағдыларын құрауды; белгілі бір хабарды немесе мәліметті түрлі пішіндерде бере алу жолдарын; күнделік тұрмыс үшін қажет болған іс қағаздарын жүргізу дағдыларын; жас және білім дәрежесіне сай болған көркем, ғылыми, саяси шығармаларды үйреніп, олар жөніндегі пікір-таластарды, жеке қатынасты ауызша және жазбаша түрде дұрыс мазмұндай алу дағдыларын беруді негізгі міндет етіп алады.

Қазақ тілін оқытудың негізгі құралдары. Алғашқы басқышта: 1. Осы бағдарлама негізінде жаратылған оқулықтар. 2. Қазақ тілі бойынша сөздіктер: “Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі”, “Қазақ тілінің антонимдер сөздігі”, “Қазақ тілінің синонимдер сөздігі”, “Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі”, “Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі”, “Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі”, “Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі”.

Бұл құралдар қазақ тіліндегі энциклопедиялар, қазақ тілі сабақтарында ауызша және жазбаша бейне үшін түсіндірмелі альбом, істетілуі керек болған қажетті сөздер берілген сурет пен бейнелер және 5-9-сыныптар үшін 46 аттағы плакаттар жинағы, “Оқытушы

кітабы”, “Диктанттар жинағы”, “Мазмұндамалар жинағы” және т.б. мен толықтырылуы мүмкін.

Білім әдісі. Білім әдісі, негізінен индуктив. Мұнда сабақтарда актив істеуші оқушының өзі. Әрбір сабақ шамамен төрт басқышты өз ішіне алады. 1. Қайталау. 2. Берілген материалдардың оқушылар тарапынан талдауы. 3. Берілген материалдарды оқытушы жәрдемінде жинақтау мен қорытынды шығару. 4. Меңгерген жинақтылықты іс жүзінде қолдау және сынау, оқу мәселелерін шешу. Оқушылардың мәтін түзу мен мәтін үстінде істеулері сабақты екінші, төртінші басқыштарында және сыныптан тыс берілетін тапсырмаларда орталық орында иелейді. Мәтіндер әр түрлі. Олардың анық түр мен көрінісі аз ғана оқулықта берілсе, негізінен, оқытушы тарапынан белгіленеді. Бағдарлама оқытушыға оқулықтағы барлық мәтіндерді өз құнты, талабы, жағдайының ыңғайлығына қарай алмастыру, оқыту үдерісін кең мағынадағы шығармашылық пен ізденімпаздық негізінде құруға толық мүмкіндік береді. Мәтін үстінде істеу тапсырмалары мен жаттығулары бұл бағдарлама мен оқулықтарға көптеп арналған. Оқушылар жаратуы тиіс болған мәтіндер бірнеше түрлі. Олардың негізгілері:

1. Сабақта алған теориялық білім мен дағдыны іс жүзінде қолдап мәтін түзу. Мұндай мәтіндер екі және үш сөйлемнен тұруы, монолог пен диалог түрінде, қысқаша бейне немесе әңгіме түрінде болуы мүмкін. Олардың анық түрін оқытушы басшылығында оқушының өзі таңдауы керек.

2. Берілген тақырып негізінде бейне (шағын мәтін). Мұндай бейнелер жазбаша және ауызша көріністерде оқушылардың жас және білім дәрежесіне тән мазмұндф көлемде орындалуы тиіс.

Қазақ тілі пәні негізінен өз ішіне география, тарих, әдебиет, педагогика-психология, логика, этика, тіл мәдениеті және стилистика пәндерін қамтиды.

Әдеби білімді оқушының оқу әрекетін қалыптастыруға бағадрлап құру – білім мазмұнын жаңартудың бір ұстанымы етіп алынды.

Жоғары даму жолында нық қадаммен бара жатқан Өзбекстан халқының рухани дүниесі мен мәдени өмірінде жаңа дәуір басталғаны шындық. Бұл өз кезегінде білімді дәуір талабы дәрежесінде алып бару талап етілуде. “Қазақ тілі” пәнін оқыту және заманауи талаптар негізінде алып бару арқылы оқушылар тарапынан білімдерді игеру және көркем шығармаларды ұғыну арқылы әдеби тәлімнің мазмұны мен мақсаты, оны ұйымдастыруда білім принциптері негізінде оқушылардың дүниетанымын белсенді қалыптастыру және дамыту талап етілуде.

Оқытудың түрлерін түсініп меңгеру үшін шетел методистері іс-тәжірибелерінен алынған мысалдармен таныстыруымыз мүмкін.

Негізгі мәселе: 1. Оқытушы шығармашылығында оқыту мақсатының ерекшеліктері. 2. Оқыту мақсатын қолданудың ішкі процесі. 3. Оқыту процесінде оқушылардың ролі.

Республикамызда ғалым Б.Блум таксаномиясы, “Кейс стади”ға негізделген оқыту технологиясы, дәстүрлі болмаған тест технологиясы, “Бумеранг”, “3x4”, “БББ”, квест-сабақтар, электрондық-виртуалдық сабақтар, қашықтан оқыту, семантикалық карта т.б. сияқты заманауи жүйелерді қолдану әдістемелері арқылы оқушыларға жоғары дәрежелі білім беру бүгінгі күннің талабы. Оқыту технологиялары, көптеген педагогикалық

инновациялық іс-тәжірибелер, авторлық мектептер мен жаңашыл – мұғалімдердің проблемалары жан-жақты талдауды және жүйелеуді талап етеді.

Қазақ тілі пәнінің IX сынып оқу бағдарламасы мемлекеттік білім стандартының талабы негізінде дайындалды. Мемлекеттік білім стандартының IX сыныптар үшін негізгі мөлшер есептеледі. Осы сыныпты бітірушілер мемлекеттік білім стандартының жоғарыдағы дәреже үшін қойылған талаптарға жауап беруі шарт.

Жалпы орты білім МБС-ның тірек оқу жоспарында қазақ тілін оқу пәнінен сыныптар бойынша оқу сағаттары төмендегіше белгіленген.

Сыныптар	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI
Аптасына	4	4	2	2	2	1	1
Жыл бойы	136	136	68	68	68	34	34

Аталмыш оқу бағдарламасы 2018 – 2019 оқу жылында XI сынып, 2019-2020 оқу жылында VIII-IX сыныптар, 2020-2021 оқу жылында V сынып, 2022-2023 оқу жылында VI, VII, X сыныптарда басқышпа-басқыш іс жүзіне асырылады.

5- сынып. Қазақ тілі

(апталық сағаты-5 , жылдық сағаты-170)

Оқушылардың оқу әрекеті нәтижелеріне қойылатын талаптар :

Мәтінді (жаттығу және тапсырма) есітіп түсіну;

Тақырыпқа тиісті жаттығу мен тапсырмаларды орфоэпия заңдылықтарына мойынсұнған жағдайда оқыту;

Пікірді дұрыс баяндау, екпінді дұрыс қою; үйренілген тақырыптар айналасында сөздік, жинақтар, қайталау диктанттарды және **85-105** сөзден тұратын бақылау диктантын жазады. Көркемжазу мен емле ережелеріне мойынсұнады. **8-10** сөйлемді шығармашылық мәтін түзеді. Бастауыш білім буынын бітірушілеріне қойылатын талаптарға төмендегілер қосылады. Көркем бейне құралдарынан пайдалану; есімдіктерден, синоним және антоним сөздерінен пайдалану. Іс қағаздары: хат, құттықтау, хабарландыру жазады.

Жаңа сөз бен сөйлемшелерді меңгереді. Сөйлеу мен емле мөлшерлерін, сөздің құрамына қарай түрлері, сөздің мағыналары, сөйлем, көнерген сөздер, диалект сөздер, кірме сөздер, терминдер; сөздіктер мен олардың түрлері, сөз таптары, сөздердің байланысуы, сөздердің айтылу мақсатына қарай түрлері, сөйлем мүшелері, қаратпа, қыстырма, жай сөйлем, төлеу сөздер мен диалогтарды ажыратады, түсіндіреді, талдау жасайды.

Оқушылардың оқу әрекеті нәтижелеріне қойылатын талаптар:

(тереңдетілген сыныптар үшін)

Үйренілген тақырыптар айналасында сөздік, жинақ, қайталау диктанттары мен 106-120 сөзден тұратын бақылау диктантын жазады. 11-15 сөйлемді шығармашылық мәтін түзеді.

КІРІСПЕ. (2-сағат)

Тіл - қатынас құралы. Тіл туралы мәлімет. Тілдің қоғамдық мәні, қызметі.

Өзбек тілі - Мемлекеттік тілі. Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тілі жайында мәлімет.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА

ӨТКЕНДЕРДІ ҚАЙТАЛАУ (8 сағат)

Дауысты дыбыстардың емлесі. Тіл дыбыстарды (дауысты, дауыссыз) олардың айтылуы, жазылуына (әліппе, дыбыс жүйесі, жазу үлгісі) дағдылану.

Кейбір дауыссыздардың жазылуы. Дауыссыз дыбыстардың өзіне тән қасиеттері. Дауыссыз дыбыстардың жіктелуі (қатаң, ұяң, үнді).

Бас әріп пен кіші әріптердің қолданылуы. Заттың (жалпы, жалқы) атын білдіретін сөздер. Бас әріппен жазылатын сөздер, олардың бас әріппен жазылу заңдылықтары. Дара, күрделі жалқы есімдердің бас әріппен жазылу белгілері.

Қосарлы дыбыстар. Қосарлы дауыссыз сс, лл, тт, мм, ст, сть, зд дыбыстарына біткен сөздер.

Буын. Буынның түрлері бойынша мәтінмен істеу және жаттығу жұмыстары.

Сөз құрамы. Түбір және қосымшалы сөздер олардың түрлері.

Сөз таптары. Сөз таптары мен топтарының жіктелуі. 9 сөз табының мәні.

Сөз тіркесі. Сөздердің тіркесу тәсілдері мен байланысу формалары.

Сөйлем. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлерін еске түсіру.

Пысықтау сабағы.

СИНТАКСИС ЖӘНЕ ПУНКТУАЦИЯ (32-сағат)

Сөз бен сөз тіркесі туралы. Сөйлем. Сөйлемнің мағынасына, айтылу сазына қарай түрлері. Хабарлы сөйлем. Сұраулы сөйлем. Лепті сөйлем. Бұйрықты сөйлем. Сөйлемнен өткенді қайталау және ұстарту.

Сөйлем мүшесі туралы түсінік. Сөйлем мүшесінің құрамы. Сөйлемнің дара және күрделі мүшелері.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері: Бастауыш. Баяндауыш. Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері. Толықтауыш. Анықтауыш. Пысықтауыш.

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері.

Қаратпа сөз және оның тыныс белгілері. Сөйлем басында және ортасында келетін қаратпа сөздердің белгілері.

Жалаң және жайылма сөйлемдер. Бастауыш пен баяндауыштың қатысуы арқылы байланыстан сөздер тобы. Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелердің тең дәрежеде қолданылуы.

Жай сөйлем мен құрамалас сөйлем. Бір ғана дара сөзден және бірнеше жай сөйлемнен құралып күрделі ойды білдіруі.

Төл сөз бен автор сөзі және олардың тыныс белгілері. Төл сөз бен автор сөзінің сөйлемде кездесуі мен қолданылуы.

Диалог және оның тыныс белгісі. Көркем шығармалар мен өлең шумақтарында кездесетін диалог сөздер.

Пысықтау сабағы

Бақылау жұмысы.

СИНТАКСИСТЕН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ (3 сағат)

Сөйлемнен өткенді қайталау. Хабарлы, сұраулы, лепті және бұйрықты сөлемдерді еске түсіру және жаттығу жұмыстары.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін қайталау. Бастауыш және баяндауыш олардың жасалу жолдары.

Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерін қайталау. Анықтауыш. Толықтауыш. Пысықтауыш және олардың жасалу жолдары.

Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін қайталау. Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері, жалаң және жайылма, жай және құрамалас сөйлемдердің бір-бірінен айырмашылығы.

Төл сөз бен диалогты қайталау. Төл сөз бен автор сөзінің тыныс белгілері, диалог және олардың тыныс белгілері.

Әдебиеттер: 9, 10, 14

СӨЗДЕРДІҢ ЖАСАЛУЫ (3 сағат)

Сөз құрамы туралы түсінік. Түбір сөз. Қосымшалы сөз.

Қосымша. Жалғау және оның түрлері.

Жұрнақ. Сөз тудырушы және сөз түрлендіруші жұрнақтар.

Бақылау жұмысы.

МОРФОЛОГИЯ (34 сағат)

Негізгі және көмекші сөздер. Тілдегі әр сөз өзінше мағына білдіретіндігі, өзінше қызмет атқаратындығы.

Зат есім. Зат есім туралы мәлімет. Зат есімді білдіретін атаулар.

Жалпы және жалқы есімдер. Жалпы және жалқы есімдердің жазылу ережелері.

Зат есімнің көптелуі. Зат есімнің жекеше және көпше түрде қолданылуы.

Зат есімнің тәуелденуі. Тәуелдік жалғауының жекеше және көпше түрде қолданылуы. Оңаша және ортақ тәуелдену.

Зат есімнің септелуі. Атау септік. Ілік септік. Барыс септік. Табыс септік. Жатыс септік. Шығыс септік. Көмектес септік.

Жай септеу мен тәуелді септеу. Жай септеу мен тәуелді септеулердің үлгісі ретінде жаттығу жұмыстары.

Кейбір зат есімнің жіктелуі. Жіктік жалғауының бастауыш пен баяндауышты байланыстыруы мен үш жақта жіктелуі.

Көмекші есімдер. Негізгі және көмекші зат есімдер толық мағынаға ие болуы. Көмекші сөздерге жататын сөздер тобы.

Зат есімнен өткенді қайталау. Жалпы, жалқы, оңаша және ортақ тәуелдену, септік жалғауларының түрлері, қосымшалары, сұрақтары, жай септеу мен тәуелді септеулердің өзара айырмашылығы мен көмекші есімдердің ерекшеліктері.

Бақылау жұмысы

Сын есім. Сын есім жөнінде бастауыш сыныпта алған білімін, одан әрі кеңейту. Сын есімнің сұраулары.

Негізгі және туынды сын есімдер. Түбірге жұрнақсыз, басқа сөзбен бірікпей, қосарланбай, тіркеспей жеке тұрып сындық мағына бере алатын және жұрнақтардың қатысуы арқылы жасалатын есімдер тобы.

Дара және күрделі сын есімдер. Бір ғана ойды білдіретін немесе екі одан көп сөздердің қосарлануы, бірігу, тіркесу арқылы жасалатындығы.

Сын есімнен өткенді қайталау. Сын есім. Сын есімнің сұрақтары, дара және күрделі, негізгі және туынды сын есімдердің жасалуы.

Сан есім туралы түсінік. Сан есім заттың санын, мөлшерін, бөлшегін білдіретін сөз табы екендігі. Сан есімнің сұрақтары.

Дара және күрделі сан есімдер. Бір ғана түбірден жасалатын немесе екі және одан да көп бірнеше түбірден жасалатын сөздер.

Сан есімнің емлесі. Цифрмен жазылатын сан есімдерге қосымшалардың жалғануы, сан есім мен зат есім тіркесіп келгенде жазылатын сан есімдер, рим цифрымен жазылатын сан есімдердің емлесі.

Есімдік туралы түсінік. Есімдіктің зат есім, сын есім, сан есімнің орнына жүретіндігі, олардың басқа сөз таптарынан өзгешелігі жайлы түсінік. Қай сөз табының орнына жүрсе, сол сөз табының сұрағына жауап беретіндігі.

Етістік туралы түсінік. Заттың қимылын, ісін жай-күйін білдіретіндігі. Етістік сұрақтары.

Дара және күрделі егістіктер. Бір сөзден тұратын немесе бірнеше түбірден құралып бір сұраққа жауап беретіндігі.

Егістіктің шақтары. Өткен шақ. Осы шақ. Келер шақ және олардың анықтамалары.

Үстеу туралы түсінік. Үстеулердің мағына жағынан заттың қимыл, іс-әрекетінің және заттың сынының әр алуан белгілерін білдіру үшін қолданылатындығы. Үстеудің сұрақтары. Дара және күрделі үстеулер.

Пысықтау сабағы

Бақылау жұмысы.

Әдебиеттер: 9, 14, 17, 19, 20, 21

ФОНЕТИКА. ГРАФИКА (38 сағат)

Тіл дыбыстары туралы түсінік. Тіл дыбыстары туралы бастауышта алған білімдерін еске түсіру. Тіл дыбыстарын фонетиканың қарастыратындығы. Тіл дыбыстарының сөз мағынасына әсері.

Тіл дыбыстарының жасалуы. Дыбыстау мүшелерінің жасалуы жолдары. Тыныс мүшелерінің жасалу жолдары.

Қазақ әліпбиі. Оның құрамына қазақтың төл дыбыстары мен орыс тілінен енген дыбыстардың қамтылатындығы.

Дауысты дыбыстар және олардың түрлері. Дауысты дыбыстардың өзіндік белгілері: үннен тұратындығы, созылып айтылатындығы, буын құрайтындығы, өкпеден шыққан ауа кедергіге ұшырамай, дауыс шымылдығын қаттырақ дірлететіндігі. Дауысты дыбыстардың жіктелуі (ерін, тіл, жақ қатысына қарай).

Жуан және жіңішке дауыстылар. Дауысты дыбыстардың тілдің қатысына қарай бөлінуі. Тіл арты және тіл алды дауыстылары.

Ашық және қысаң дауыстылар. Жақтың кең және сәл ғана ашылуы.

Еріндік және езулік дауыстылар. Еріннің сүйірленіп, ілгері, езулік дауыстылардың тартылып кейін қарай жиырылуы.

Бақылау жұмысы.

Дауысты дыбыстардың емлесі А,Ә әріптерінің емлесі. А, Ә әріптерінің буын талғап және буын талғамайтын әріп екендігі. Жалаң және біріккен сөзден жасалған кісі аттарының соңғы буындарында Ә әрпінің жазылуы.

О,Ө әріптерінің емлесі. О, Ө әріптерінің буын талғап және буын талғамайтын әріп екендігі. Орыс тілінен енген сөздерде жазылуы.

Ұ,Ү әріптерінің емлесі. Ұ, Ү әріптерінің буын талғап және буын талғамайтын әріп екендігі. Жалаң және біріккен сөздерде жазылуы.

У әрпінің емлесі. Дауысты және дауыссыз дыбыстан кейін келетін жағдайы.

Ы, І әріптерінің емлесі. Сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанда, етістік тудыратын **а** жұрнағы жалғанданда, сан есімдердің ішінде алты, жеті сан есімдеріне **ау, еу** жұрнақтары жалғанғанда және **у** жұрнағы жалғану арқылы жасалуы.

И әрпінің емлесі. Жалаң және қосарлы дыбыстарда қолданылуы. Бірде жуан, бірде жіңішке дыбыстың таңбасы ретінде қолданылуы.

Я, Ю әріптерінің емлесі. Орыс тілінен енген сөздерде, дауыссыз дыбыстан кейін жазылатын жалаң дыстардың таңбасы ретінде қолданылуы.

Э, Ё әріптерінің емлесі. Тек қана орыс тілінен енген дауысты дыбыстарда қолданылуы. **и** және **о** дыбыстарының бірігуінен жасалатындығы.

Бақылау жұмысы

Дауыссыз дыбыстар және олардың түрлері. Дауыссыз дыбыстардың өзіндік белгілері. Дауыссыз дыбыстардың үн мен салдардың қатысына қарай жіктелу (қатаң, ұяң, үнді) және дауыс қатысына, жасалу тәсілі, айтылуына, жасалу орнына қарай түрлері.

Қ, қ, г, ғ, х әріптерінің емлесі. Қ, қ, г, ғ, х әріптерінің жуаны және жіңішке түрінде жұп құрайтындығы. Қазақ тілінің төл сөздерінде қолданылуы.

Б, в, г, д әріптерінің емлесі. Б, д дыбыстары қазақ тілінің төл сөздерінде сөздің бастында және ортасында қолданылуы. Дауыссыз **в** дыбысы орыс тілінен енген сөздерде жазылуы.

Ф, ц, ч, щ, һ әріптерінің емлесі. Ф, ц, ч, щ, һ әріптерінің орыс тілінен енген сөздерде және кісі аттарында, сондай-ақ **Щ** әрпі қазақтың байырғы сөздерінде, һ әрпі санаулы сөздерде ғана жазылатындығы.

Қосарлы дауыссыздардың емлесі. Қос дауыссызбен аяқталған сөздерге қосымшалардың жалғану ерекшеліктері.

Айыру (ь) және жіңішкелік (ъ) белгілерінің қолданылуы. Орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылатындығы. Жіңішкелік белгісіне біткен сөздерге жалғануы түрінде жазылу ерекшелігі.

Буын. Буынның анықтамасы. Буын жасайтын дыбыстар.

Буынның түрлері. Ашық буын, тұйық буын және бітеу буындардың дауысты және дауыссыз дыбыстарда қолданылуы.

Тасымал. Сөзді буын бойынша тасымалдау заңдылықтары. Бас әріп, қысқарған сөздерде, кісі аттарының қысқартылып жазылуда тасымалады орны. Сан есімдерден кейін қолданылатын цифралы сөздердің тасымалдауға келмейтіндігі.

Орфоэпия мен орфография туралы түсінік. Сөздердің дұрыс жазылу, айтылу заңдылықтарының принциптері мен нормалары.

Екпін және оның түрлері. Қазақ тіліндегі екпіннің тиянақтылығы. Екпіннің сөз мағынасын өзгерте алмайтындығы. Екпіннің түрлері: сөз екпіні, тіркес екпіні.

Үндестік заңы туралы. Сөз аралығындағы дыбыстардың бір-біріне ықпалы. Үндестік заңының екі түрге бөлінуі.

Буын үндестігі. Сөздің соңғы буынының жуан немесе жіңішкелігіне қарай қосымшалардың жалғануы.

Дыбыс үндестігі. Көршілес дыбыстардың бір-біріне ықпалы етіп өзара үндесіп айтылуы. Дыбыс үндестігінің екі түрге бөлінуі.

Ілгерінді ықпал. Түбір мен қосымшаның аралығында кездестіндігі. Дауыссыз дыбыстарда қолданылуы.

Кейінді ықпал. Түбір мен қосымшаның аралығында біріккен сөз бен сөз тіркестерінің сыңарлары аралығында кездесуі. Орыс тілінен енген дыбыстар, олардың қазақ тілі заңдылығына сәйкестігі.

Пысықтау сабағы.

Бақылау жұмысы.

Фонетикадан өткенді қайталау. Дауысты дыбыстар және олардың емлесі. Дауыссыз дыбыстардың айтылуы және емлесі. Буын және тасымал.

Әдебиеттер: 9, 14, 17.

ЛЕКСИКА (24 сағат)

Сөз және оның мағынасы. Белгілі бір ұғымды білдіретін атаулар. Табиғаттағы білгілі бір заттық ұғымның аттары.

Сөздің тура және ауыспалы мағынасы. Әр заттың өзіне ғана тән жеке мағынасы немесе жалпы көпшілікке түсінікті ауыспалы мағынада болатын сөздер.

Бір мағыналы және көп мағыналы сөздер. Сөздер дыбыстық тұлғасы мен мағыналық байланысына қарай үш топқа: омоним, синоним, антоним болып бөлетіндігі.

Омонимдер. Омоним сөздердің анықтамасы. Омоним сөздердің бір сөз табынан да, әр түрлі сөз таптарынан да болатындығы. Омофондар. Омонимдер сөздігі мен түрлері.

Синонимдер. Синонимдердің анықтамасы. Синонимдік қатар. Синонимдік қатардағы сөздердің мағыналы, реңктік ерекшеліктері. Синоним сөздердің бір ғана сөз табына қатыстылығы. Синонимдер сөздігі.

Антонимдер. Антонимдердің қарсы мәндес сөздердің жұбынан тұратындығы. Антонимдердің көп мағыналы сөздерге, синонимдерге, омонимдерге қатыстылығы. Антонимдер сөздігі. Қазақ тіліндегі антоним-дердің түрлері.

Тұрақты сөз тіркестері. Тұрақты сөз тіркестерінің өзіндік ерекшеліктері, екі не оданда көп сөздерден құралатындығы, бір ғана мағана білдіруі, құрамындағы сөздердің орын тәртібінің тұрақтылығы, сөйлемнің бір ғана мүшесі қызметін атқаратындығы. Фразеологизмдердің синониммен, антониммен байланыстылығы. Фразеологиялық сөздік және оның түрлері. Фразеологизмдердің емлесі.

Мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдердің халықтық рухани қазына екендігі. Олардың өзара ұқсастығы мен ерекшеліктері. Мақалдың ғибраттық, өсиеттік мәні; мәтелдің ишара, меңзеу тұрғысында қолданылатындығы.

Сөздік қор. Қазақтың ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан байырғы төл сөздері. Туыстықты білдіретін, табиғат, аң-құс, заттардың түр-түсін, қимыл-қозғалыс, анатомиялық, тұрмысы қажетіне, сан атауларына байланысты атаулар.

Қазақ тілінің сөздік құрамы. Халықтың тұрмыс жағдайын, кәсібін, мәдени қалпын танытатын барлық сөздер, байырғы сөздер мен кірме сөздер, ауызекі және кәсіби сөздер құрамы.

Көнерген сөздер. Қолданыстын шығып қалған, тарихи шығармаларда ғана кездесетін сөздер. Тарихи сөздер мен архаизмдер.

Жаңа сөздер. Тілде жаңа ұғымды білдіретін немесе неологизм сөздер тобы.

Жалпылама лексика. Жалпы халыққа түсініктілігімен, анықтығымен, қарапайымдылығымен ершеленетін сөздер.

Кірме сөздер. Басқа тілден енген сөздердің қазақ тіліндегі орны.

Диалект сөздер. Белгілі бір жерде аймақ, обылыс аудан тұрғындардың сөлеу тілінде ғана қолданылатын сөздер тобы мен олардың түрлішелігі.

Кәсіби сөздер. Жұрттың бәріне бірдей түсінікті бола бермейтін, белгілі бір кәсіппен я шаруашылық саласымен шұғылданатын адамдар арасында ғана айтылатын сөздер жинтығы.

Термин сөздер. Ғылым, пән, техника, өндіріс саласындағы арнаулы ұғымдар мен зат атуаларын білдіретін сөздер екендігі.

Пысықтау сабағы

Бақылау жұмысы және оны талдау.

Әдебиеттер: 9, 14, 16, 17, 21.

Оқу жылы соңындағы қайталау. (1 сағат)

Синтаксис пен пунктуациядан өткенді қысқаша қайталап, сөйлем, оның түрлерін еске түсіріп, грамматикалық талдауға дағдылануды кеңейту. Лексика, фонетиканы фонетикалық, лексикалық және орфографиялық талдауға жаттығу жұмыстарын орындау. Морфологиядан өткенді еске түсіріп, сөз құрамы бойынша талдауды пысықтау.

5 – сынып Қазақ тілі пәнінен тақырыптық жоспар

№	Тақырыптар аты	Жалпы сағат		
		жалпы	теориялық	практика

5 сынып. Қазақ тілі				
1	Кіріспе.	2	2	
2	Бастауыш сыныптарда өткенді қайталау	8	8	
3	Синтаксис және пунктуация	26	26	
4	Синтаксиспен өткенді қайталау	3	3	
5	Сөздердің жасалуы	3	3	
6	Морфология	34	34	
7	Фонетика. Графика	38	38	
8	Лексика	24	24	
9	Бақылау жұмысы	32	32	
	Жалпы	170	170	